

АУДАРМА МӘСЕЛелЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА

ӨОЖ 821.512.122-25

Л.Н.Дәуренбекова

Назарбаев Университеті, Астана
(E-mail: daurenbekova.laura@mail.ru)

Ә.Сатыбалдиевтің аудармашылық шеберлігі

Мақалада өзбек жазушысы Ш.Рашидовтың шығармаларын қазақ тіліне аударған Ә. Сатыбалдиевтің аудармашылық шеберлігі, өзбек тіліндегі нұсқасымен салыстырыла отырып, зерттелді. Аудармашы түпнұсқа авторының жазушылық стилін сақтай отырып, әр кейіпкердің психологиясын, көңіл-күйін түпнұсқаға сәйкес тәржімалады. Түпнұсқадағы мәтін ырғағы, интонациясы сақталатындығына назар аударылды. Аудармашының аудармасында қолданылған лексикалық трансформацияларға талдау жасалды.

Кілт сөздер: аударма, трансформация, реалий, түпнұсқа, мәтін, диалог, коммуникация, семантика.

Тікелей аударма болсын, сатылы аударма болсын Ә. Сатыбалдиевтің интерпретациялық ұстанымы — түпнұсқаны барынша дәл жеткізу. «Аудармашының түпнұсқа шеңберінен шығып кетуге қақысы жоқ. Түпнұсқа мәтіні қандай аудармашыға болмасын бұлжымас заң. Ал, аударма үдерісінде кейбір еркіндіктер, мәселен, бір сөзді немесе бір ұғымды басқа сөзбен беру кейде түпнұсқа әрпінен аулақтау — бұлар ауытқу емес, сапалы аударма жасаудағы әдіс-амалдар болып табылады» [1; 214], — дей отырып, Ә. Сатыбалдиев түпнұсқа мәтіннің коммуникативтік ақпаратын дәл жеткізеді. Аудармашының аудармашылық тәжірибесінің нәтижесінде бірнеше тақырыпта көркем аудармалары жарыққа шықты. Атап айтсақ, орыс тілінен: Б. Полевойдың «Нағыз адам туралы аңыз», Е. Мальцевтің «Шын жүректен», Ф. Гладковтың «Балалық шақ туралы әңгіме», И. Гончаровтың «Жар», М.Твеннің «Әңгімелері», В.Железниковтың «Жүгі бар жолаушы», З.Фобианның «Үш айқай», өзбек тілінен: Ш. Рашидовтың «Дауылдан да күшті», «Кашмир жыры», А. Қаххардың «Қышпақ», Ф. Насыровтың «Жүрек әмірі» атты шығармаларын қазақ тіліне еркін сөйлете отырып, ел мен елдің әдебиетін байланыстырудың нағыз дәнекері бола білді.

«Аудармашылық — нағыз шығармашылық өнер. Аудармашы екі тілді де тең дәрежеде білумен қатар, әрі жазушы, әрі ғалым болуға тиіс» [1; 365], — дей отырып, өзі де осы қасиеттерді бойына сіңіре білген.

Академик М. Қаратаев көркем аудармамен суреткерлік қабілеті бар адам ғана айналысу керек екенін алға тартады. Бұл тұрғыдан келгенде қаламгер, әрі аудармашы Ә. Сатыбалдиевтің аудармаларының сәтті шыққанына риясыз иланасыз.

Ә. Сатыбалдиев өзбек жазушыларының шығармаларын аудару барысында: «Аударма деген сөзбе-сөз көшіру емес, мағынасын түсініп, өзбекше сөйлету, сөйлеткенде оқырман қақалып-шашалып қалмайтындай, рахаттанып, қызығып оқитындай етіп беру керек екенін түсіне бастадым» [1; 41], — деп, А. Қаххар, Ш. Рашидов, Н. Фазылов шығармаларын қазақ тіліне еркін сөйлете отырып, екі елдің әдебиетін байланыстырудың нағыз дәнекері бола білді.

«Басы Абайдан бастап қазақ әдебиетінің азды-көпті елеулі шығармаларынан өзбек тіліне аударылмағаны жоқ деуге болады. Солардың бәрі қазақ тілінен өзбекшеге тікелей аударылған. Ташкенттіктер өздерінің көркем аударма мәселесіне арналған кеңесінде тілдері түбірлес халықтардың әдебиетін тек қана түпнұсқаларынан тікелей аударудың тиімді екенін дәлелдеген. Өйткені бұл тілдердің бір-бірінен ұқсастық жақтары көп. Біріншіден, екі тілдің де синтаксистік

құрылыстары негізінен бір-біріне сай келіп отырады, жеке атаулардың да ұқсастығы көп, мақал-мәтелдердің де көбі екі елге ортақ және басқа да толып жатқан үйлесімді жақындықтары бар. Осылардың бәрі екі елдің әдебиетіне тікелей түпнұсқадан аударғанда ол шығармалардың көркемдік сапасы толық сақталуға мүмкіндік береді» [1; 41], — деп, өзбек тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен өзбек тіліне аударудың соншалықты қиын емес екендігіне назар аудартады. Әрине, өзбектің тілін, дәстүрін жақсы білетіндіктен, оның аудармаларының тілі жатық, ұғымға жеңіл болып келеді. Мәселен, өзбек жазушысы Ш. Рашидовтың «Дауылдан да күшті» романын аудару барысында еркіндік пен дәлдікті шебер ұштастыра отырып, қазақ тіліне жатық жеткізеді.

Романда «Тың және тыңайған жерлерді игеру» науқанына байланысты, шұрайлы да, жазық жерлерді игеріп, гүлстанға айналдыру мақсатындағы күресті күндер сипатталады. Басты кейіпкерлер: Айқыз, Әлімжан, Жорабаев, Погодин, Смирновтар тау мен шөл даладағы жайсыз үйлерде тұратын колхозшыларды жана жерлерге, үй салып көшіріп шаруа мен мәдениетті көтеру, мемлекеттің ақ алтынын байыту жөніндегі ұсыныс-тілектері, халықтың тірнектеп жиған табысын өзі ғана иеленіп отырған колхоз басшысы Қадыровқа ұнамайды. Қарсы шығып, кедергі келтіргенімен жеңіліс табады. Жанқиярлық еңбектің нәтижесінде, мидай жазық далаға сәнді үйлер бой көтеріп, дала ақ алтынға толды. Шығармада бірнеше оқиғалар тізбектеліп берілген. Қай жағынан алсақ та, түпнұсқа мен аударма мәтін бір-біріне сәйкес келеді.

Оқырман үшін аударма түпнұсқаның жазылған кезеңінен хабар беріп отыруы керек. Себебі көркем аудармадағы ақпараттарды қабылдау арқылы мәтінмен жеке байланысқа түседі. Яғни, қабылданған мәлімет рецепторға терең ықпал етеді. Оның сезіміне әсер етіп, қандайда бір іске баулуы мүмкін. Демек, оқырман мен мәтін арасында коммуникативті әсер пайда болып, прагматикалық байланыс орнайды.

Көркем туындыны аударған кезде соншалықты көп күрделі сұрақтар туындайды, олардың тамырына үңіліп, түпнұсқаның рухын сезіне отырып, өз көңілін қалағандай аударған дұрыс. Жалпы, аударма теоретигі ретінде Ә. Сатыбалдиевтің бағыты да осы. Аудармада шығармашылық еркіндіктің түпнұсқаның шеңберінен шықпай, автордың бар стилін сақтай отырып, аударманы оқуға жеңіл және тартымды етіп шығаруды, сондай-ақ, түпнұсқаның ықпалына түсіп кетпей, оның барлық бояуын, ырғағын, ой астарын ана тілінің заңды жүйесінде жеткізе білу керек екендігін басты орынға қойып, бұл ойын көркем шығармаларды аудару барысында ұстанады. Мәселен, «Қатартал қыстағына көктем ерте шықты. Бірнеше айлар бойы тау баурайын көрпедей қымтап, тұтаса жауып жатқан қалың қар әлдеқашан-ақ еріп кеткен. Жақпар тастар мен төбелердің теріскей жағында, ой-шұқырларда жасасырынып қалған қар пәришелері көктем күнінің ыстық лебімен қазанға түскен майдай еріп, сай-жылғаларды қуалай сарқырап ағып жатыр» [2; 3].

Аудармашы романды осылайша Қатартал қыстағын суреттеуден бастаса, түпнұсқада өрік ағашының астындағы биік сәкіде жатқан Мұратәліні таныстырудан басталады. Демек, аудармашы шығармада маңызды орын алатын Қатартал жерін қазақ оқырманына жақынырақ таныстыру үшін, бейнелі түрде еркін жеткізуді мақсат еткен.

Аудармада әрбір сөздің, сөз тіркесінің баламаларын дұрыс тауып, бірі-бірімен сәйкес қиыстырып, түпнұсқадағы мағынаны дәл беру керек.

Мысалы, — *Мен гапнинг туғрисиини айтаман, — деди Султанов утирганларларга куз югуртириб. У, одатдагича, табассум билан сузларди. — Халқимизда, туғри гапириб, туғишиганинга екмайсан, деган мақол бор. Эхтимолки, мен хам туғри гапни айтиб, айрим кишиларнинг дилига озор берарман* [3; 3]. Бұл сөйлемді қазақ тіліндегі аудармасымен салыстырайық:

— *Мен сөздің турасын айтамын, — деді Сұлтанов отырғандарға көз жүгіртіп. Өзі әдетінше, жымыя күліп қойды. — Халқымызда «тура сөйлеп, туғаныңа жақпайсың» деген мақал бар. Мен де сөздің турасын айтамын деп, кейбір кісілерге ұнамай қалуым ықтимал* [2; 8], — деп ешбір сөзді қысқартып, қосуларсыз, мәтінге сәйкес аударды.

Кейде оқырман үшін түпнұсқадағы ойды айқындап беру мақсатында мәтінге кіріспе сөз немесе сөйлемдер қосып ұлғайтылады. Ә. Сатыбалдиевтің өз сөзімен айтқанда, «кейбір сөз ауыстыру, қосарлау, үстемелеу деген сияқты нәрселер шығарманың көркемдік бояуы мен эмоциялық әсерін жеткізе түсу мүддесімен келген» [1; 148]. Бұл ойы келесі мысалдар да аңғарылады. ...*Қатартал қыстағының табиғаты да тез-ақ жанданып, күннен күнге құлпыра бастады. Тау бөктерлері мен сай-салалар көктемнің еркетайы болған гүлдер мен көк балаусаға малынып, тамылжи бастады. Күн ысыған сайын өсімдік те қоюлана түсті, бірте-бірте өсіп, ұлғайып, көріктене берді. Сайдың екі*

бетіндегі сирек біткен ағаштар да енді-енді бүршік ата бастаған еді [2; 3]. Аудармашы ішкі түйсігіне сүйене отырып, мәтінге бір азат жол қосу арқылы дәл нысанаға тиіп, табиғатқа жан бітіреді.

Түпнұсқада: *Олтинсой чуллари теп-тегис, ерлари қуірқұдай семиз ва серхосил, қуриқ ва буз ер очишинг харажати оз* [3; 16], — деп белгілі бір ойды аяқтап, келесі оқиғаға көшеді. Ал, аудармада: *Алтынсай жазығы мидай дала; топырағы шұрайлы да құнарлы, ал мұндағы тың және тыңайған жерлерді игерудің шығыны да аз — дей отырып, Соны ойлаған Айқыз, қыстақ советіне қарасты колхоздардың бар мүмкіншіліктерін терең зерттеп, есеп-қысабын алғаннан кейін, диқандармен, механизаторлармен, басшы қызметкерлермен кең түрде әңгіме жүргізді де, тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысын осы көктемнің өзінде-ақ бастап жіберген жөн болар деген қорытындыға келді* [2; 15], — деп өз жанынан қосып, түпнұсқадағы ойды айқындай түседі.

Себебі романның басты мотиві тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы Айқыздың бастамасын беру. Өжеттілігін, еңбекқорлығын көрсету болса, аудармашы оны дәлелдермен нақтылайды.

Олтинсойликлар оммавий чиқишига тайёрланардилар. Хар бир ховлида ва устахонада кетмон ва белкуракларни чархлар эдилар, кийм тиктириб, этик ва ботинка хозирлардилар [3; 44], — деген, сөйлемнің алдына: *Өмірде не бір салтанатты кезеңдер болады. Ол кездерде кісінің жүрегі қайрат-жігерге толып, еңбекке деген зауқы, ықылас, ынтасы арта түседі — деп, Алтынсай тұрғындарының тың және тыңайған жерлерді игеру үшін қандай көңіл-күйде, қандай дайындықта жүргендерін түсіндіру мақсатында оқиға алдына кіріспе қосады. Мұны, әдебиет теориясының тілімен айтқанда, экспозиция деп атаймыз. Жоғарыдағы сөйлемге Сол сияқты, алтынсайлықтар да тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы жаппай жорықтың басталуын ұлы мейрамды күткендей-ақ шыдамсыздана күтіп жүр. Әрбір аула мен шеберханада кетпен мен күректер қайралуда, киім тіктіріліп, етік, ботинкелер сайлануда* [2; 42], — деп, аудармашы қандай жорық екені түсінікті болу үшін әсерлеп, көркемдеп ойды ұлғайтып береді де, әрмен қарай тұрғындар дайындығын түпнұсқадағыдай дәл аударып береді. Әрине, өзбек тіліндегідей, *Алтынсайлықтар жорыққа шығуға даярлануда* деп бірден бастаса, қазақ оқырманына түсініксіз болар еді.

Сондай-ақ түпнұсқада қайталанып берілетін кейбір ой қайталаулар аударма барысында қысқартылған. Десек те, түпнұсқаның мағынасы сақталған. Мәселен, романның үшінші бөлімі «Хат» деп аталады. Айқыздың қалаға оқуға кеткен жары Әлімжанға ауылдағы жаңа жер ашу турасындағы болған дауды айтып, хат жазуы баяндалады. Автор: *Азизим, қадрдоним Олимжон ака! Хозиргина хатингизни ва хат билан сурагингизни олдим. Қандай меҳрибонсиз-а! Сизни жуда-жуда согинганимни, дийдор қуришишига интизор булиб қутганимни узингиз хам билиб тургандирсиз, жоним. Мен сизга янги планимиз райкомда қандай мухокама қилинганини ёзмоқчиман* [3; 24]. Аудармасында бұл бөлім «Хат» деп аталғанымен дәл осылай Айқыздың сағынышынан басталмайды. Алдына көп нүкте жіберіледі де, бірден *...Жорабаевтың кабинетінде аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі болып жатыр еді...* [2; 20], — деп онда болған жағдайды хатта мәлімдейді. Демек, бұл бөлімнің бас жағы қысқартылып қалған. Себебі, алғашқы «Мөлдір бұлақ» бөлімінің аяғында Айқыз жарынан келген хатты кеудесіне қысып, іштей сағынышын жеткізгендігі суреттелгендіктен, аудармашы келесі бөлімінің бас жағында Айқыздың сезімін қайталауды жөн көрмей қысқартқандай.

Ә.Сатыбалдиев кейіпкерлердің өзара диалогын дәл түпнұсқамен сәйкестендіріп бере білген. Диалог арқылы кейіпкерлердің ішкі сыры аңғарылады. Яғни, әр кейіпкердің сөз саптауынан, оның ой-толғанысынан, сөйлеу өзгешелігінен жан-дүниесі айқын елес береді.

— *Ким қурипти?*

— *Кім көріпти?*

— *Бутун Олтинсой курган. Шамол булмаса, дарахтнинг учи қимирламайди! Майли, шошмай тур, қизинг неvara тұққанини қуриб қоларсан...* — *Муротали ирғиб урнидан турди-ю, қалтироқ босган қулларини столга тираб, захар билан жавоб берди.*

— *Бүтін Алтынсай көрген. Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды! Мейлі, сабыр ете тұр, қызыңның немере туып бергенін бір-ақ көресің әлі...* — *Мұратәлі ұшып орнынан тұрды да, қалтыраған қолдарын столға тіреп, ызғармен жауап берді.*

— *Тухмат! Гапнинг пухтаси шуқи, қизим ундақлордан эмас. Юзимни ерга қаратмайди. Карим хам...*

— *Жала! Сөздің қысқасы, менің қызым ондайлардан емес. Жүзімді жерге қаратпайды. Кәрім де...*

– *Карим, — деди раис Муроталининг сузларини юлиб олиб, — у тирранча бошимизга битган бало булди. Мехрини йулдан урган ким? Кучишига кундирган ким? Сенинг устингдан турли-туман ова-за таркатган ким? Авом, нодон, қайсар, деган ким? Карим эмасми! Сен уни «халол йигит» дейсан. У булса, сени хам, мени хам оёк ости қиляпти.*

– *Кәрім, — деді председатель, Мұратәлінің сөзін бөліп. — Ол оңбаган басымызга бәле болды. Мехрині жолдан шығарган ким? Көшуге көндірген ким? Сениң үстіңнен түрліше әуезе таратқан ким? Атам надан, қайсар, ожар кісі деп жүрген ким? Кәрім емес пе? Сен оны адал жігіт дейсің. Ол болса, сени де, мени де топырақпен тең етіп жүр.*

– *Хой, раис, оғзингизга қараб гапиринг, худонинг қахрига учрайсиз.*

– *Қой, председатель, байқап сөйле, құдайдың қаһарына ұшырарсың.*

Бұл диалог аудармасынан аудармашының диалогты дәл беріп, екі кейіпкердің қақтығысы арқылы мінез-құлықты түпнұсқадағыдай ашып бергеніне көз жеткіземіз.

Аудармашы аударма барысында белгілі бір ұлт тілінің мәдениетіне, тарихына, дәстүріне, өміріне қатысты сөздерге түсініктеме беріп отыруды да ескерген. Аталған аудармада өзбек ұлтына ғана тән реалий сөздерге түсініктеме беріп аудару тәсілі де кездеседі. Бұл сөздер өзбек мәдениетіне, тарихына, тұрмысына, дәстүріне, өміріне қатысты түсініктер. Мәселен, *сандал — аласа стол*. Қыста астына шок қойып, үстін көрпемен бүркеп қояды да, үйдегі бар адам аяғын сұғып, айнала отырады. Бұрынғы өзбек тұрмысында бұл пеш орнына жүретін. Мысалы:

Әуіз — шағындау су қоймасы.

Тәлімі — сусыз өсірілген дақыл.

Қозапая — мақта өсімдігінің сабағы.

Айван — терраса, сая деген мағынада.

Құмдан — қыш күйдіретін пеш.

Қоза — мақта өсімдігі.

Осма — қас бояйтын шөп.

Базоз — жібек маталармен сауда жасайтын кісі.

Парварда — қолдан істейтін конфет.

Дутар — өзбек домбырасы.

Бір ескертері, аудармашы түпнұсқадағы «дутар» аспабын кейде домбыра деп береді. Мына мысалда, *Алиқұл булса, онда-сонда мехмонлар келганда қизининг зехни тезлиги, фикри зурлиги, уқуви куплиги түғрисида мақтаниб, исботи учун дутор чалдириб, ашула айттирарди. Бундай пайтларда эрка киз буралиб-буралиб келардида, ноз билан сузилиб, дуторга қул юборарди* [3; 128].

Аудармасы: *Әліқұл болса, оқта-текте бір қонақтар келгенде, қызының зеректігін, ойы ұшқырлығын, көп оқитынын мақтаныш ететін де, онысын дәлелдегісі келгендей, домбыра тартқызып, ән салдыратын. Мұндай кездерде ерке қыз бұрала басып келеді де, жұртқа назбен сүзіле қарап, дутарға қол созады* [2; 121]. Сондай-ақ *Назокатхон булса, узи қилган гунохлар изини дилидан хам, мясидан хам суғуриб таишлади-ю, яна уйин-кулги, дутор, ашулага берилди, ноз билан сузилган кузлари кимларнидир қидирадиган булиб қолди...* [3; 128]. Бұл сөйлем қазақ тілінде: *«Назақатқан болса, істеген күнәсінің ізін ойынан да, миынан да өшіріп, тағы да ойын-күлкіге, домбыра мен әнге беріліп кетті, назбен сүзілген көздері тағы да әлдекімдерді іздей бастады...* [2; 121], — деп, оқырман бұл сөйлемдерден өзбек қызы әрі домбыра, әрі дутар тартып ән салады екен деп түсініп қалмауы үшін, аудармашының «домбыра» сөзін енгізудің керегі жоқ еді. Десек те, тек қана бір ұлтқа ғана тән реалий сөздерді аударылып отырған ұлттың ұғымына сәйкестендіру үшін аудармашы алдымен «Дутар — өзбек домбырасы» деп түсініктеме береді де, әрмен қарай домбыра сөзін қолданып отырады.

Аудармашы аударма мәтінде түпнұсқа тіліне сай бейнелеу тәсілдерінде сәтті қолданады.

«Әдебиетте көбінесе бұл ұғым сөз қолдану тәсілдері, бейнелі сөздер, мысалы, жалпы түрде құбылту деп аталатын ауыстыру, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, айқындау және стильдік айшықтар, дыбыстық қайталамалар деген мағынада қолданылады. Бейнелеу тәсілдері, әрине, бұдан әлдеқайда кең, мол. Кейіпкерлерді мінездеу, сөйлету, портрет жасау, табиғат көріністерін суреттеу — осының бәрінде бейнелеу тәсілдері қолданылады» [4].

Тонг отди. Уфқ лоларанг булди. Аммо сойларнинг тубида, тоғларнинг ораларида энди чиқәтган қуәшининг заррин нурлари билан буялган туман куринарди. Баланд-баланд тоғларнинг чуққилари ус-тидаги кумуш қор нур билан товланиб, Бухоро дупписига қадалган зардек ялтирарди [3; 7].

Аудармасы: *Таң атты. Көкжиек жауқазын тақілеттеніп қызғылт тартты. Дегенмен, сай-жылгалардың түбінде, тау жақпарларының арасында енді ғана шашырап шығып келе жатқан күннің алтын нұрымен боялған тұман әлі де көрінеді. Асқар-асқар таулардың шоқы шыңдарын жапқан күміс қар, күн шұғыласымен түрлене түсіп, Бұхара тақиясына таққан зердей жылтырайды [2; 8], — деп, мұнда, көктемнің алғашқы күндері түпнұсқадағыдай дәл аударылған. Тау шыңдарында қалған қарды күміс, жылтыраған зерге теңеуі сәтті шыққан.*

...Бу пайтда водийдаги ерлар анча исиб қолган эди. Аллақачон қорлар эриб, ерлар қуриб, бахор хиди анқиб турарди. Тоғда булса, эртаюкеч изгирин эсиб турар, совуги суяк-суякка утиб кетарди. Бироқ, олтинсойликлар аччиқ совуқни хам, изгирин шамолни хам писанд қилмай, ёнбагирларни хайдаб, дон сепишда давом қилардилар [3; 12].

Аудармасы: *...Бұл кезде қырдағы жазық жерлер едәуір қыза бастаған еді. Әлдеқашан-ақ қар еріп, жер құрғап, көктемнің исі аңқып тұрған-ды. Тау жақта болса, ертелі-кешті ызғырық соғып, суығы кісінің сүйек-сүйегіне өтеді. Бірақ алтынсайлықтар жай суықты да, ызғырық желді де елемей, тау беткейлерін айдап, егін егуге кірісіп кетті [2; 113]. Автор Алтынсай тұрғындарының еңбекқор екендігін көрсету үшін, сол сәттегі күннің суықтығын суреттеу арқылы ұтымды тәсіл қолданған. Аудармашы да автордың бейнелеу тәсілін сақтап аударғандықтан, аударманың көркемдігі жоғары болып шыққан. Сондай-ақ түпнұсқада жиі кездесетін теңеулерді де дәл аударады. «Теңеулерді аудару — көркем аударманың аса маңызды, күрделі қыр-қатпарларының санатынан саналады. Өйткені теңеулер көркем аудармада көркемдік қуаты бар құрал екендігімен бірге ұлттық образдық суреттеу көрсеткіштері болып табылады» [4; 323].*

Мәселен, Тікендей қадалған былапыт сөздер [2; 10].

Тикандек қадалувчи бу сузларни чидам билан суради [3; 11].

Бұрадай бұрқырады [2; 10].

Маст туядай букирди [3; 11].

Ойдин кеча, сув ховузининг тепасига келиб таббассум қилаётган тулин ойнинг заррин нурлари чайқалиб турган сувга тегарди-ю, бир парча кумуш тушкандай ялтираб кетарди [3; 45].

Жарық түнде су қоймасының дәл төбесінен жарқырай нұрын төккен айдың сәулесі болмашы шайқалған судың бетінде дір-дір етіп, күміс теңгедей жалт-жалт етеді [2; 44].

Ол теректей бойшаң кісі еді [2; 48].

У теракдай новча эди [3; 18].

Басқалардың бәрі гүлдей жасаныр келсе, олардың ішінде Мехри бір түп құрайдай болып сиықсыз көрінбей ме? [2; 56].

Дугоналари гулдай ясаниб келсалар, уларнин ичида Мехри бир туп шувоқдай курирмайдими, ахир! [3; 171].

Дала бүркітіндей қырағы да жігерлі кісі болатын [2; 59].

Сахро бургутидек сезгир ва жасоратли эди [3; 65].

Айқыздың жүзіне қан жүгірді. Ағы ақ, қызылы қызыл алмадай алабұртып құлпыра бастады [2; 69].

Ойқизнинг юзларига қон югурди, оқи оқ, қизили қизил нақш олмадай куринарди [3; 209].

Толысудың орнына, шөптей боп құрап барады, гүлдей жайнаудың орнына, сабандай сарғаяды.

Назақатхан толысқан терек сияқты болса, Адалат оның алдында сидиып құраған тұт ағашына ұқсайды [2; 264].

...семириш урнига чупдай озади, гулдай очилиш урнига, сомондай сарғаяди. Назокатхон кулф урган терак булса, унинг олдида Адолатхон қуриб қолган хасак тутга ухшарди [3; 240].

Зығыр майын жұтқандай-ақ, жүрегін айнытқан бұл насихат сөздерді әрең-әрең тыңдап келеді [2; 113].

Шөл даланың түрлі-түсті кілемдей боп көзді қаймықтыратынына Айқыздың да сенімі кәміл еді [2; 114].

Бәрі де су сепкендей тына қалысты [2; 116].

Оның жүрегі көкбұлақтай мөлдір таза [2; 116].

Сонымен қатар түпнұсқада адамның бір сәттегі ашу-ызасын суреттеуде табиғат құбылыстарымен салыстыру арқылы сипатталынатын тәсілде жиі кездеседі. Аудармашы да автордың бейнелеу шеберлігін сақтап аударады. Түпнұсқа: *Жала-ёмгир ёққан пайтларда сув купайиб ариқлардан тошгани каби, унинг уч-алами хам икки пиёла ичкандан сунг юракларидан тошиб чиқибди-ю, хаммасини захарли сузлар билан баён қилди [3; 11].*

Аудармасы: *Нөсер жаңбыр жауған кездерде судың көбейіп, арықтарға симай кететіні сияқты, оның ашу-кегі де, екі кесені қағып алғаннан кейін, жүрегіне симай тасып төгілді де, бар білгенін зәрлі сөзбен баян етті [2; 10].*

Айқыз өне бойы шөл далаға шығып келіп тұратын, түрлі кәсіптің адамдарымен әңгімелесетін, гүлден-гүлге қонып, бал жинаған ара сияқты, Айқызда халықтың пікірлері мен ойларын, тілек-мақсаттарын жинастырды [2; 116]

Келесі назар аударатынымыз, екі нәрсені қатарластыра бейнелейтін параллелизм тәсілінің аударылуы. Төмендегі мысалда ағаш пен адам жанастырыла суреттелген.

Түпнұсқада: *Ойқиз уйчан кузларини узоқ-узоқларға тикиб гапирди: — Тинчилик вақтида яхиши ишлаб, уруш вақтида номардлик қилганлар хам бор. — Ойқиз анча узоқда, кум-кук кукариб турган майда-майда, аммо қалин дарахтлар бир-бирига ухшайди. Аммо, уларнинг ичида нимжонлари хам борки, тинч вақтда кукараверади, қаттиқ шамол турдимми, синиб кетади, ёки томири билан қупорилади. Албатта иккисидан бири булади. Одамлар хам худди шундай, уста амаки, баъзилар биринчи шамолгача яхиши буладилар, холос... [3; 58], — десе, аудармасында *Айқыз ойлы пішінмен қиырға қарап тұрып сөйледі: — Ол сонау көз ұшындағы көкпеңбек болып тұрған майда да қалың талға қарап сөйлеп тұр. — Қараңызшы, сонау ағаштар бір-біріне ұқсап тұр ғой. Бірақ олардың ішінде нашарлары да бар. Олар жағымды кезде көгеріп өсе береді де, қатты жел тұрса, не опырылып сынады, немесе тамырымен қопарылып құлайды. Қалайда сол екеуінің бірі болады. Адамдар да дәл солай, ұста аға, кейбіреулер алғашқы екпінге тап болғанынша жақсы болып келеді де, сонымен бітеді [2; 53].* Сөйлеп тұрған Айқыз екендігі белгілі болып тұрғандықтан, аудармашы қыз есімін түпнұсқадағыдай қайталай беруді жөн көрмей «ол» есімдігін қолданады.*

Сондай-ақ аудармада кісі, жер-су аттарындағы өзбек тіліне тән дыбысты қазақ тілінің орфографиялық заңдылығына сәйкестендіріп, транслитерация жасау арқылы беріп отырады. Мәселен, *Қатортол — Қатартал, Олтинсой — Алтынсай, Муротали — Мұратәлі, Қодиров — Қадиров, Журабоев — Жорабаев, Ойқиз — Айқыз, Олимжон — Әлімжан, Алиқул — Әліқұл* т. б. Ал шығарма ішінде кездесетін орыс кейіпкерлерінің есімдері дыбыстық жағынан өзгеріске түспей, дәл беріледі.

Түпнұсқада кездесетін мақал-мәтелдердің аударылуына да назар аударайық.

Темирни қизигида ур [3; 85].

Темирді қызған кезде соқ [2; 88].

Алма пиш, оғзимга туш [3; 88].

Алма піс, аузыма түс [2; 94].

Маслахатли ош ачимайди [3; 92].

Ойласып істеген ас ашымайды [3; 97].

Сичқон сизмас унига, галвир боғлар думига [3; 99].

Тышқан ініне сыймайды, оған қарамай құйрығына қалбыр байлайды [2; 110].

Тузри гапириб, туғишганинга екмайсан [3; 142].

Тура сөйлеп, туғаныңа жақпайсың [2; 131].

Юз сум пулинг булмаса хам, юзта дустинг булсин [3; 132].

Жүз сом ақиан болғанша, жүз досың болсын [2; 130].

Дили очнинг кузи оч [3; 128].

Араны ашылғанның көзі де ашқарақ [2; 136].

Чумчудан қуруққан тариқ екмас [3; 113].

Шегірткеден қорыққан егін екпес [2; 186].

Уйламай сузлаган, оғримай улар [3; 178].

Аңдамай сөйлеген, аңдамай өледі [2; 785].

Байқап отырғанымыздай, бұл мақал-мәтелдер екі тілде де бір-біріне семантикалық жағынан тең-тең келіп тұр. Жалпы, Ә.Сатыбалдиев аударма үдерісі кезінде түпнұсқадағы ақпараттарды толықтай қамтып бере алады. Аударылып отырған ел мәдениетін, тілін, тарихын салт-дәстүрін жақсы білгендіктен, автордың сезімі мен ойын оқырманға жеткізу үшін аударма теориясындағы лексикалық трансформацияларды ұтымды пайдаланады. Аудармашы көркем аударма шарттарын жақсы меңгергендіктен, оның аудармалары оқырманға төл туындыдай әсер етері анық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Сатыбалдиев Ә.* Сөз қазынасының кеншісі. — Астана: Фолиант, 2008. — 212 б.
- 2 *Рашидов Ш.* Дауылдан да күшті. — Алматы: ҚМКӘБ, 1959. — 286 б.

- 3 Рашидов Ш. Бурондан кучли. — Тошкент: Ғ. Ғулом номидаги Адабиет ва санъат нашриети, 1979. — 289 б.
4 Алтысбаев К., Қазыбек Г. Қазақ аудармасының теориясы мен практикасы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2001. — 91-б.

Л.Н.Дауренбекова

Мастерство перевода А.Сатыбалдиева

В статье проанализированы рассказы узбекского писателя Ш.Рашидова в переводе А.Сатыбалдиева на казахский язык. Рассмотрены основные принципы воссоздания формально-смысловых и идейно-содержательных компонентов оригинала в переводном тексте, а также проблема передачи индивидуального стиля в художественном переводе. Переводчик, сохраняя писательский стиль автора, обращает внимание на интонацию, ритм текста оригинала, пытается передать психологию каждого героя.

L.N.Daurenbekova

Translation mastery of a A. Satybaldiyev

In article Satybaldiyev A. translational skill is discussed who translated comic stories of the Uzbek writer Z.Razhidov into Kazakh language, comparing it to option in Uzbek. The main principles of a reconstruction of formal and semantic and ideological and substantial components of the original in the translated text, a problem of translation of individual style in a literary translation are considered. The translator keeping Z.Razhidov's literary style, pays attention to preservation of intonation, a rhythm of the text of the original, and tried to translate easy language mood, psychology of each hero.

References

- 1 Satybaldiyev A. *Spiritual wealth*, Astana: Foliant, 2008, 212 p.
- 2 Rashidov Sh. *Heavier than storm*, Almaty: KMCAP, 1959, 286 p.
- 3 Rashidov Sh. *Heavier than storm*, Tashkent: Literase, 1979, 289 p.
- 4 Alpyabayev K., Kazybek G. *Theory and practice of Kazakh translation*, Almaty: Kazakh University publ., 2001, p. 91.